# Біржан сал ауданының мемлекеттік архиві» КММ-нің «Мұрағат анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі

«Мұрағат анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет). №138 17.04.2015 жылғы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірледі. «Мұрағат анықтамасын алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін Қазақстан Республикасының орталық және мемлекеттік мұрағаттарынан алуға болады. Бұл қызмет түрін Қазақстан Республикасының азаматтары пайдалана алады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: Көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметтің нәтижесі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде беріледі.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

3) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) - электронды символдар жиынтығы, электрондық цифрлық қолтаңба қолымен және электронды құжаттың дәлдігін растайды, ол «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалы - халыққа қызмет көрсету орталығында (ХҚКО) рәсімделеді.

Бұл қызметті пайдалану үшін пайдаланушы «Электрондық үкімет» порталында тіркелу керек және қызметті электронды түрде алу үшін электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болуы тиіс. Қызметке онлайн тапсырыс беру. Өтінішті толтыру және ЭЦҚ-мен қол қою. Құжаттар сканерленген күйінде бекітіледі (жеке куәлік, еңбек кітапшасы, неке қию туралы куәлік).

«Мұрағат анықтамаларын беру» мемлекеттік қызметін алу туралы сұрақтарыңыз болса келесі телефондарға хабарласыңыз: 2-11-03 «Біржан сал ауданының мемлекеттік архиві» КММ.

„Еңбекшілдер жаршысы" от 31 августа № 83